


САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: АС ҚОРЫТУ.



САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ:




1. АС
ҚОРЫТУ
ЖҮЙЕСІНЕ
ЖАЛПЫ
ШОЛУ.


2. АС
ҚОРЫТУ
ЖҮЙЕСІНІҢ
ҚЫЗЫМЕТІ.

3. АС
ҚОРЫТУ
ТҮТІГІНІҢ
ҚҰРЛЫСЫ .


Ас қорыту жүйесі (Пищеварительная система, systema digestorum)




АУЫЗ ҚУЫСЫ (ПОЛОСТЬ РТА ,CAVITAS ORIS)




ТІЛ (ЯЗЫК, LINGUA)




ТІСТЕР (ЗУБЫ, DENTES)




ЖҰТҚЫНШАҚ (ГЛОТКА, PHARYNX)




ӨҢЕШ (ПИЩЕВОД, ESOPHAGUS)




АСҚАЗАН (ЖЕЛУДОК, GASTER)




Аш ішек, тоқ ішек және соқыр ішек (тонкая кишка, толстая кишка, слепая кишка, *intestinum tenue*, *intestinum crassum*, *caecum*)




БАУЫР (ПЕЧЕНЬ, НЕРАР)



ТІК ІШЕК (ПРЯМАЯ КИШКА, RECTUM PROCTOS)



ҰЙҚЫ БЕЗІ (ПОДЖЕЛУДОЧНЫЙ ЖЕЛЕЗЫ, PANCREAS)





Ауыз қуысы латынша: cavitas oris,

Грекше: stoma,

Орысша: Ротовая полость.

Екі бөлігі бар: кіре берісі және меншікті ауыз қуысы.

Меншікті ауыз қуысы жоғары жағынан тандай мен төменгі жағынан бұлшық ет диафрoгмасынан, екі бүйірінен және алдынан тістермен, ал артынан аранмен шектеседі.

Тандай -латынша: palatinum, орысша: небо.

Қатты және жұмсақ тандайдан тұрады. Жұмсақ тандайдың ортаңғы бөлігі-тілшесі деп аталады.

Бүйір жағында алдыңғы және артқы жағында талшықтар болады. Олардың аралықтарында бадалша бездер жатады.

Лимфоидті ұлпадан түзілген, қорғаныш қызмет атқарады.

Тіл – латынша: lingua, орысша: язык – пішінін өзгертіп тұратын етті мүше. Сыртынан кілегей қабықшамен қапталған.

Тілдің үстiңгi жағында дәмдi сезетiн әр түрлi емiзiкшелер орналасқан .Олардың құрамында дәм сезу рецепторлары болады.Тiлдiң түбiрi,денесi,ұшы болады.

Қызметi: 1) дәм сезу,сөйлеуге және шайнауға қатысады.

Тiстер-латынша: dens ,орысша: зуб.

Шығу мерзiмiне байланысты сүттi және тұрақты түрлерi болады.Тұрақты тiстiң саны-32.Пiшiнiне қарай күрек,ит, кiшi және үлкен,ауыз тiстер деп бөледi.

Тiстiң құрылысы: тiс сауыттан,мойыннан,түбiрден құралған.

Тiс сауыты эмальмен қапталған.Оның астында дентин жатады.

Тiстiң iшкi қуысы болады.Ол пульпа толтырып жатады (қан тамырлары мен нерв талшықтарынан) тұрады Жұтқыншақ-латынша: pharynx,орысша: глотка.

Мойын омыртқаларының алдыңғы жағында орналасқан.Бас қаңқасының негiзгi сүйегiнен басталып 4-шi мойын омыртқасы тұсында өңешке жалғасады.Үш бөлiгi бар: мұрын,ауыз,көмей.



Мұрын бөлігі хоана тесіктері арқылы мұрын қуысымен байланысады. Бұл бөлігінің екі бүйірінде түтіктерінің тесіктері болады. Ол түтіктер арқылы ортаңғы құлақ жұтқыншақтың мұрын бөлігінен байланысады. Ортаңғы құлақ сыртқы ортадағы қысыммен теңестіреді.

Ауыз бөлігі: аран арқылы ауыз қуыспен байланысады.

Көмей бөлігі: оның алдында көмей тесігі орналасқан. Осы бөлік өңешке жалғасып кетеді.

Өңеш- латынша: esophagus.

Орысша: пищевод

Ұзындығы 25-30 см. бөлімдері: мойын, кеуде, құрсақ. 11 арқа омыртқа тұсында асқазанға жалғасады. Қабырғасы 3 қабаттан тұрады. Ішкісі кілегейлі эпителий ұлпасы ортаңғы бұлшық етті, сыртқысы дәнекерлі.

Асқазан- латынша: gaster, орысша: желудок.

Бөлімдері:



- 1) кардиалды немесе кіреберіс;
- 2) асқазан түбі;
- 3) асқазан денесі;
- 4) шыға беріс.



Асқазанның кіші және үлкен иіндері бар.Қабырғасы 3 қабаттан тұрады.Ішкісі кілегейлі,эпителий ұлпасынан,қатпарланып тұрады.

Бұл қабатта көптеген бездер бар: 3 түрлі.Олар тұз қышқылын пепсин мен шырышты затты шығарады.Осы үшеуі араласып асқазан сөлін түзейді.Ортаңғы қабаты бұлшық етті,ет талшықтары 3 бағытта орналасқан.Сыртқысы ұзына бойы, ортаңғысы көлденең,ал ішкісі қиғаш орналасқан. Сыртқы қабаты сір қабат.Іш пердеден құралған.Бұл қабат кіші және үлкен шажырқай түзейді.

Аш ішек- латынша: *istestinum tenue*,орысша: тонкий кишечник. Асқазаннан басталып тоқ ішекке жалғасады.Ас қорыту жолының ең ұзын бөлігі 5-6 м-ге дейін жетеді.3 бөлімі бар:

- 1) 12 елі ішек;
- 2) Аш ішек;
- 3) Мықын ішек;

12 елі ішек латыншасы: duodeum,
Орысшасы: двенадцатиперстная кишка .
Асқазанның шыға берісінен басталып,оңға қарай иіліп,сәл төмен түсіп,ащы ішекке ауысады.Пішіні доға тәрізді,ұзындығы 25 см.Шажырқайы болмайды.Ішектің орта жерінен ұйқы безінің түтігімен өт түтігі ашылады.Бұл жерде тамақ толық қортылады.Аш ішектің иірімдері көлденең орналасқан,мықын ішектің ұзына бойы.Аш ішектің негізгі қызметі:сіңіру. Сондықтан кілегейлі қабатының құрылысы ерекше.
Тоқ ішек латынша: intestinum crassum,
Орысша: толстый кишечник.
Ұзындығы 1,5-2,5 метрдей.Оң жақ мықын бөлігінде аш ішектен басталады.Анус тесігімен аяқталады.
Тоқ ішектің 3 бөлімі бар:
Соқыр ішек 4 көлденең;
Өрлеме 5 төмен;
Тік ішек 6 сигма.



Соқыр ішек – латыншасы: caecum, орысшасы: слепая кишка.
Жамбастың оң ойысында жатады. Ұзындығы 6-7 см, ені 5-6 см.
Ішектің түбіне құрт тәрізді өсінді жалғасып жатады. Оның ұзындығы-2-12 см жетеді. Аш ішектің соқыр ішекке ашылар жерінде қос ерінді қақпақша жатады.

Тік ішек латынша: rectum, орысша: прямая кишка.
Ұзындығы 16-18 см, ені 4-5 см Кіші жамбас астауында орналасқан. Кеңейген жоғарғы бөлігін ампулла деп атайды.
Төменгі бөлімінде аналь бағамдары және олардың арасындағы аналь қуыстары болады. Бұл аймақты жинақ деп атайды.
Өйткені бұл жерден вена тамыры тарайды.

Бауыр латынша: hepar, орысша: печень.
Адам денесіндегі ең үлкен без. Салмағы 1,5 кг. Түсі: қызғылт-қоңыр. Құрсақ қуысының жоғарғы оң жағында орналасқан.
Төменгі оң жақ қабырғалардың астында жатады. Бауырдың жоғарғы және төменгі беттерін алдыңғы және артқы жиектерін байқаймыз.

Жоғарғы бетінде орақ тәрізді байлам бар.Ол арқылы бауыр көк етке ілініп тұрады.Төменгі бетінде екі ұзынан жатқан сайлар және бір көлденең сай бар.Оң жағындағы сайында өт қапшығы жатады.Көлденең сайында бауыр қақпасы жатады.

Ол жерден бауырдың қан тамырлады,өт түтігі, нерв талшықтары,лимфа тамырлары кіріп шығады.Бауырдың негізгі қызметтері:

- Зат алмасуына қатысады;
- Гомеостаз (ішкі ортаның тұрақтылығын сақтайды);
- Қандағы зиянды заттарды залалсыздандырады;
- Өт жасап шығарады;
- Глюкоген қорын жасайды.

Бауырдың ішкі құрылысы: әр бөлігі 4 сигменттен тұрады.Олар бөлшектерге бөлінеді.Пішіндері преумға ұқсас. Бөлшектер гепотоциттерден (бауыр жасаушы) қан капилляр және өт түтікшелерінен тұрады.



Қан капилярлары бөлшектердің ортасындағы орталық венаға қосылады. Оларды қабырғасы бөгде заттарды, микроптарды қоршап алатын клеткелардан түзілген. Өт түтікшелері бір – бірімен қосылып, іріленіп бөлікше аралық өт түтікшесін пайда қылады.

Өт қапшығы- латынша: vesicachole,

Орысша: желечный пузырь.



Пішіні алмұртқа ұқсас, оның мойны, денесі, түбі болады. Өт түтігі 12 елі ішекке құйылады. Тәулігіне 500-1200 мл өт бөлінеді

Ұйқы безі латынша: pancreas,

Орысша: поджелудочная железа.

1-2 бел омыртқаларының тұсында орналасқан. Оның басы, денесі, ұшы болады. Құйрығы көк бауырмен шектеседі.

Ұзындығы 15 см, салмағы 70-80 грамм. Бездің бөлшектері ацинустерден тұрады. Олар сөл бөліп шығарады. Ал лангерганс аралықтарында альфа, бетта жасушалары гармондарды түзейді.

Оларға инсулин мен глюкоген жатады.Бұл гормондар қанттың мөлшерін бір қалыпта ұстап тұрады.Егер гормондардың бөлінуі азайса адам қантты диабетке ұшырайды.

Ұйқы безінің сөлінің құрамында көптеген ферменттер бар.Олар арқылы қоректік заттар толық қорытылады.Өттің әсерінен лимфаза ферменті белсендіріледі.Ұйқы безі аралас безге жатады. Ол эндокринді және экзокринді қызмет атқарады. Эндокринді қызмет-қанға гармон бөледі.Ал экзокринді 12 елі ішектің қуысына сөл бөледі.

Үш пердесі латынша: *peretonium*,орысша: брюлина Серозды қабық,екі жапырақшадан тұрады.1) паритальдық; 2) висцеральды.

Құрсақ қуысының қабырғаларын астарлап жатады,құрсақ қуысында орналасқан мүшелерді жауып жатады.Құрсақ қуысының қабырғасынан мүшеге ауысқанда шарбылар пайда болады.Олар арқылы ішектер бір қалыпта орналасады.



Тоқ ішектің қызметі: 1) Суды сіңіреді;
2) В витаминін түзейді;
3) Қорытылмаған заттарды нәжіске
айналдырады .

Құрылысының ерекшеліктері:

- Кілегейлі қабатында бүрлер болмайды.
- Гастролалары бар.
- Бұлшық ет талшықтары 3 таспа пайда қылады.